

"Шығыс Қазақстан облысы аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы " Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 183 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 63 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 сәуірде № 4942 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңының 1-бабы 17-тармағының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысы аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы " Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 183 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 4131, 2015 жылғы 24 қыркүйектегі № 109 (17198) "Дидар", 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 112 (19711) " Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының
әкімі*

Д. Ахметов